



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне азаматтық авиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1406

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне азаматтық авиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне азаматтық авиация мәселелері жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық кесімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Советімен 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне

К941000_

(Жалпы бөлімі) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша), 1995 ж. N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23,

429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; 2001 жылғы 13 наурыздағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010162_ Заңы; 2001 жылғы 3 тамызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 2 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010239

З а ң ы) :

1-баптың 3-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағында аталған белгілерге сай келетін отбасылық, еңбек қатынастары мен табиғи ресурстарды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі қатынастарға, сондай-ақ азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу жөніндегі қатынастарға азаматтық заңдар бұл қатынастар тиісінше отбасылық, еңбек заңдарымен, табиғи ресурстарды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау, сондай-ақ азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заңдармен реттелмеген жағдайларда қ о л д а н ы л а д ы .

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1995 ж., N 3 -4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжат; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1 7-құжат; N 8, 52, 54-құжат; 2001 жылғы 13 маусымдағы N 140 "Казахстанская правда" және 2001 жылғы 15 маусымдағы N 119-120 "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 11 маусымдағы N 207-II "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010207_ Заңы; 2001 жылғы 23 маусымда N 149-150 "Казахстанская правда" және 2001 жылғы 26 маусымда N 129 "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне туристік қызмет мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылғанын мойындау туралы" Z010212_ Заңы):

9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

20-тармақшасында "және қызметтер" деген сөздермен толықтырылсын;
22-тармақшасындағы "әуе кемелерін, әуежайлардағы жолаушылар мен жүктерге

қызмет көрсетуге байланысты" деген сөздер мына сөздермен ауыстырылсын: " сондай-ақ техникалық қызмет көрсету және авиациялық техниканы жөндеу жөніндегі қ ы з м е т т е р " .

3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы заң күші бар N 2697 U952697_ Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат):

1) 1 - б а п т ы ң :

үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Авиакомпания - азаматтық әуе кемелерін пайдаланушысының қолданыстағы сертификаты және жолаушыларды, теңдемені, жүктер мен поштаны және/немесе авиациялық жұмыстарды әуеде тасымалдауды орындауға мемлекеттік лицензиясы бар з а ң д ы т ұ л ғ а " ;

жиырма алтыншы бөлігі алынып тасталсын;
келесі мазмұндағы бөліктерімен толықтырылсын:

"Әуежайлық қызмет - әуежайларда, "әуеайлақтарда әуе тасымалдауымен, авиациялық қауіпсіздікпен және ұшу қауіпсіздігімен байланысты заңды және жеке адамдармен жүзеге асырылатын қызмет";

"Әуе трассасы - әуе қозғалысын басқару жүйесін әуе навигациялық құрылыс жүйелерімен бақыланатын әуе кемелерінің ұшуы үшін арналған дәліз ретіндегі әуе к е ң і с т і г і " ;

"Ұшу салмағы сертификацияланған 2700 кг аспайтын жеңіл ұшу аппараттарын пайдаланатын азаматтық авиация, басқа да спорттық тағайындалған әуе кемелері, әуесқойлық құрастырылған әуе кемелері, аэростаттық аппараттар мен қосымша құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация өте жеңіл авиация болып танылады";

"Әуежайдың бақыланатын аумағы - әуежайдың, әуеайлақтың, ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ететін объектілерінің жұмыс алаңы және авиациялық қауіпсіздік қызметімен енуі бақыланатын аумақ, қызметтік ғимараттар, құрылыстар, қ о й м а л а р " ;

"Үлгі сертификаты - азаматтық әуе кемесі, авиациялық двигателі және жаңа үлгідегі әуе винті сертификациялау рәсімдерінен өткен, ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес , және олардың құрылымы сапаға үлгілі әзірлеушілер және өндірушілермен танылғандығын растайтын, авиациялық өкілетті органмен берілетін құжат";

"Азаматтық әуе кемесін пайдаланушының сертификаты - азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылар қызметтерін сертификациялау бойынша белгіленген тәртіппен пайдаланушының сәйкестігін куәландырушы авиациялық өкілетті органмен берілетін қ ұ ж а т " ;

"Әуеайлақтың жарамдылық сертификаты - азаматтық әуеайлағын сертификациялау ережесінің талаптарына әуеайлақтың сәйкестігін куәландыратын және авиациялық

өкілетті органмен берілетін құжат";

"Ұшуға жарамдылық сертификаты - үлгі сертификаты негізінде ұшуға жарамдылық сертификатының берілуі туралы белгіленген ережелердің талаптарына сәйкестігі жайындағы азаматтық авиацияның өкілетті органымен берілген құжат";

"Уәкілетті орган - азаматтық және эксперименталды авиация қызметін басқару, бақылау мен реттеу және азаматтық авиация саласында әуе кеңістігін пайдалану оның міндеттері мен қызметтері болып табылатын мемлекеттік орган";

2) 5-бап келесі мазмұндағы үшінші бөлігімен толықтырылсын:

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу мәселелері азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заңнама кесімдерінде бекітілген ерекшеліктері есепке алынып, осы Жарлықпен реттеледі";

3) 6-баптың бірінші бөлігінде, 19-баптың үшінші бөлігінде, 22-баптың екінші бөлігінде, 42-баптың екінші бөлігінде, 55-баптың үшінші бөлігінде, 55-баптың екінші бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-баптың бесінші бөлігін "Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 23 - бапта :

екінші бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

6) 24-бап келесі редакцияда жазылсын:
"24-бап. Өте жеңіл авиацияны сертификаттау

Өте жеңіл авиацияны сертификаттау дайындаушының және тиісті федерациялар мен ассоциациялардың қатысуымен уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

Ұшу жарамдылығын куәландыру мақсатында сертификат беру, сондай-ақ пайдалану процесінде ұшу жарамдылығын қолдауды бақылау осы бапта көрсетілген әуе кемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген сертификаттау ережесінде қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады".

7) 26-баптың үшінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемелерінің құқықтары мен олармен жасалатын мәмілелер азаматтық авиацияны мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаларына сәйкес уәкілетті органмен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік реестрін жүргізу тәртібі мен тіркеу туралы куәлікті беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің Реестрін жүргізу тәртібі және тіркеу туралы куәлігін беру тәртібі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен белгіленеді";

8) 27-баптың төртінші бөлігінде, 30-баптың бірінші және бесінші бөлігінде, 36-

баптың бірінші бөлігінде, 53-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында, 59-баптың үшінші бөлігінде, 63-баптың бірінші бөлігінде, 69-баптағы "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 29 - б а п т а :

екінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының нормалары уәкілетті органмен белгіленеді. Ұшу жарамдылығының сертификатын беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.";

бесінші бөліктегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 30 - б а п т а :

баптың тақырыбында және мәтініндегі "куәлігі", "куәлікті", "куәлігін" деген сөздер "сертификаты", "сертификатты", "сертификатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі "сондай-ақ" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген ұшу және техникалық жұмыстарын, басқару құрамы мен құжаттарды қамтамасыз ететін авиациялық қызметкерлердің болуы" деген сөздермен толықтырылсын:

екінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген сертификация ережелерін сақтамаған жағдайда, сертификация иесіне сертификат беруден бас тартуға, қайтарып алуға, тоқтата тұруға және іс-әрекетін шектеуге уәкілетті орган құқылы. Пайдаланушыға куәлік беруден бас тарту мақсатқа сай келмеушілікті себеп етуге тыйым салынады";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

алтыншы бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 31 - б а п т а :

31-баптың тақырыбындағы "куәлігін", "куәлігі" деген сөз "сертификатын", "сертификаттары" деген сөздерге ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы органы" деген сөздер "Үкіметпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 31-1 және 31-2-баптардың келесі мазмұнда толықтырылсын:

"31-1-бап. Азаматтық авиацияның авиациялық техникасын, жұмыстары мен қызметтерін сертификациялау

1. Міндетті сертификацияға жататын азаматтық авиацияның авиация техникасы, жұмыстары мен қызметтерінің өзге тізімдері, сондай-ақ оны сертификациялау ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітіледі.

2. Осы баптың 1 тармағында белгіленген азаматтық авиацияның авиация техникасы, жұмыстары мен қызметтерін сертификациялау уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

31-2-бап. Сертификациялық жұмыстарды жүргізу үшін ақы
Осы Жарлықта белгіленген сертификацияны және сертификациялық жұмыстарды жүргізу ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады, одан түскен кіріс республикалық бюджетке аударылады. Сертификацияны жүргізу жөніндегі қызметтерге бағалар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес бекітіледі";

1 3) 3 4 - б а п т а :

екінші бөлігіндегі "куәлігі (сертификат)" деген сөздер "уәкілетті органмен берілетін"
" деген сөздермен толықтырылсын;
келесі мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Ұшу қауіпсіздігімен тікелей байланысты азаматтық және эксперименталды авиацияның авиация қызметкерлерінің жұмыс уақыты тәртіптемесінің ерекшеліктері уәкілетті органмен белгіленеді.

Аттестацияға жататын азаматтық және эксперименталды авиацияның авиация қызметкерлерінің тізімін, сондай-ақ форма киімін және тиісті айырым белгісін киюге құқы бар азаматтық және эксперименталды авиацияның авиация қызметкерлерінің тізімін, сонымен қатар олардың берілу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Аттестация кезінде азаматтық және эксперименталды авиацияның авиация қызметкерлеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітіледі";

14) 39-1-бапты келесі мазмұнмен толықтырылсын:

"39-1-бап. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдарының жетекші қызметкерлеріне қойылатын талаптар

Уәкілетті органның келісімі бойынша тағайындалатын ұшу қызметінің жетекшісі, аға пилот, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекция бастығы, инженерлік-авиациялық қызмет жетекшісі ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдарының жетекші қызметкерлері болып танылады.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жетекші қызметкерлер өз міндеттерін уәкілетті органның келісімінсіз үш айдан аспай атқарулары мүмкін";

15) 52-баптың үшінші және бесінші бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы орган", "көлік жөніндегі орталық атқарушы органмен" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті орган" деген тиісті сөздермен ауыстырылсын;

16) 64-баптың бірінші бөлігіндегі "орталық атқарушы органның құрамындағы арнайы орган" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 70-баптың мәтініндегі "қолданыстағы куәлік", "куәлікпен", "көлік жөніндегі орталық атқарушы органмен", "Қазақстан Республикасының көлік жөніндегі орталық атқарушы органы", "тиісті мемлекет берген куәлігін" деген сөздер "қолданыстағы сертификат", "куәлігі", "уәкілетті органмен", "уәкілетті орган", "тиісті мемлекет берген сертификат" деген сөздерге ауыстырылсын;

18) 82-баптың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"Акционерлік қоғам түріндегі заңды тұлға ғана халықаралық рейстерге қызмет көрсететін әуежай (әуеайлақ) пайдаланушылары бола алады";

19) 82-1-бап келесі мазмұнда толықтырылсын:

"82-1-бап. Әуеайлақ қызметі

Әуеайлақ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген тәртіппен міндетті лицензиялауға жатады.

Әуеайлақ қызметінің құрамына:

1) азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларын қабылдау, шығару және қызмет көрсету, теңдеме жүкті, жүктерді, поштаны өңдеу, оларды тексеру және бақылау;

2) әуежай, әуеайлақ, әуенавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану;

3) әуежай, әуеайлақ, әуенавигация объектілерін күзету, бақыланатын аймақта бақылау-өткізу тәртіптемесін қамтамасыз ету және өртке қарсы қамсыздандыру;

4) азаматтық әуе кемелерін ұшуды жарықтық-техникалық қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ, әуенавигация объектілерін энергиямен жабдықтау;

5) азаматтық әуе кемелерінің, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағар майлар мен арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету олардың сапасын тексеру;

6) азаматтық әуе кемесінің пайдаланушыларына және басқа тұтынушыларға арнайы автокөлік құралдарын беру;

7) әуежайлар мен азаматтық әуе кемелерінде жолаушылар мен экипажды тағаммен қамтамасыз ету;

8) жолаушыларға, экипажға, халыққа азаматтық авиация саласындағы қажетті мәліметтер жөнінде анықтамалық-ақпарат беру қызметін көрсету;

20) 84-бапта:

84-баптың бірінші бөлігіндегі "көлік жөніндегі орталық атқарушы органмен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

21) 96-бапта:

бірінші және екінші бөлігі келесі мазмұнда толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясына заңсыз араласу кесімдерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдар, ереже және рәсімдердің сақталуына бақылауды уәкілетті орган және өзге мемлекеттік орган өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Әуе кемелерін пайдаланушылар, әуе кемелерін қабылдауды, шығаруды немесе қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар және азаматтар авиациялық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, оның қызметіне заңсыз араласудан қорғау жөнінде шара қолдануға міндетті".

үшінші бөлігінің 7-тармақшасындағы "көлік жөніндегі орталық атқарушы органмен" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

келесі мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Авиациялық қауіпсіздік азаматтық авиация ұйымдарындағы авиациялық

қауіпсіздік қызметтерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы құқықтарға ие уәкілетті мемлекеттік органдармен қамтамасыз етіледі.

Авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің функциясын Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын заңды және (немесе) жеке тұлғаларға, сондай-ақ шетел қатысуындағы ұйымдарға беруге тыйым салынады."

4. "Акционерлік қоғам туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Z980281_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 223-құжат; 1998 ж., N 20, 727-құжат; 1999 ж., N 24, 1072-құжат):

1-баптағы екінші бөлігінің "туралы заң актілері" деген сөздер "азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Z980304_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; 2001 ж., N 1, 75-құжат):

16-баптың 2-1-тармағы келесі мазмұнда толықтырылсын:

"2-1. Азаматтық авиация ұйымдарының аудиті үшін аудит стандарты азаматтық авиация саласында уәкілетті органның міндетті келісімімен бекітіледі".

6. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан

Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі

Z947000_

Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат):

9-баптың төртінші бөлігінде:

бірінші абзацта "жәрдем қаржы" деген сөздер "жәрдем ақы бөлу" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац алынып тасталсын.

7. "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі

Z990434_

Заңына, (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат):

2-баптың 1-тармағы келесі мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Азаматтық авиацияны сертификаттау мәселелері азаматтық авиацияны

мемлекеттік реттеу туралы заңнамаларға қарама-қайшы келмейтін осы Заңның бөлімдерімен реттеледі".

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.